

Сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының ҚАУЛЫСЫ .1999 жылғы 25 желтоқсан N 440. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 тамыздағы N 310 қаулысымен (V032514).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" Заң күші бар Жарлығының 37-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен келісілген Сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары осы қаулы күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібін қамтамасыз ететін болсын.

3. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шаріпов С.Б.) бірлесіп Сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын.

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А.Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясымен

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының

1999 жылғы 25 желтоқсандағы

КЕЛІСІЛГЕН
1999 жылғы 25 желтоқсан
N 526-1

N 440 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

САҚТАНДЫРУ РЕЗЕРВТЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

Осы нұсқаулық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - сақтандыру ұйымдары) қаржылық тұрақтылығын және сақтандыру өтемдерін уақытында төлеуді қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" Заң күші бар Жарлығының 37-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданды және сақтандыру ұйымдарының сақтандыру резервтерін орналастыру тәртібін айқындайды.

1. Сақтандыру ұйымдары сақтандыру резервтерін осы Нұсқаулықтың 2-тармағында көрсетілген резервтік активтерге инвестициялауға міндетті, сөйтіп осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес есептелетін резервтік активтердің жалпы құны сақтандыру резервтерінің жалпы сомасынан төмен болмауы тиіс.

2. Резервтік активтер қатарына мына активтер жатады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмитацияланғандары), сонымен бірге жергілікті атқарушы органдар шығарған, "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелерінің айналысына жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат еткен мемлекеттік бағалы қағаздар ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктерді халықаралық стандарттарға көшіру тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес халықаралық стандарттарға көшу бойынша бірінші топқа жатқызылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі немесе :

- резидент еместерінің кез келген рейтинг агенттігінің "А" санатынан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және дербес рейтингі бар бас банктерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітетін еншілес банктердегі ;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі бағдарламаның талаптарын орындаған деп танылған банктердегі мерзімдік салымдар мен талап ету салымдары (соның ішінде шетел валютасымен);

3) Қазақстан эмитенттерінің акциялары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес осындай акцияларға шығарылған депозитарлық қолхаттар (ADR, GDR) мен "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан эмитенттерінің облигациялары ;

4) "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы сауда

жүйелерінің айналысына жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат еткен ипотекалық облигациялар;

5) к а с с а д а ғ ы а қ ш а .

3. Резервтік активтер құрамынан мыналар шығарылады:

1) сақтандыру ұйымының меншік құқығына шектеу қойылған активтер (оның ішінде кепілге берілгендері);

2) "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізімінен шығарылған бағалы қағаздар;

3) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат еткен бағалы қағаздар тізімінен шығарылған бағалы қағаздар.

4. Сақтандыру ұйымының резервтік активтерінің құнын активтің түріне қарай бағалау мынадай тәртіппен айқындалады:

1) мемлекеттік бағалы қағаздар мен "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген, сатуға арналған және сатуға жарамды Қазақстан эмитенттерінің облигациялары үшін - ағымдағы құны бойынша;

2) мемлекеттік бағалы қағаздар мен "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген, өтеуге дейін ұсталатын Қазақстан эмитенттерінің облигациялары үшін - с а т ы п а л у қ ұ н ы б о й ы н ш а ;

3) "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан эмитенттерінің облигациялары үшін - ағымдағы немесе сатып алу құны бойынша , қайсысының құны арзан болуына қарай;

4) "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы сауда жүйелерінің айналысына жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат еткен ипотекалық облигациялар бойынша - ағымдағы немесе сатып алу құны бойынша, қайсысының құны арзан болуына қарай;

5) қысқа мерзімді салымдар және талап ету салымдары үшін - салым м ө л ш е р і н д е .

Бағалы қағаздардың ағымдағы құны дегеніміз соңғы мәміленің нәтижелері бойынша немесе "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының саудасындағы соңғы сұраныс бағасы бойынша айқындалып белгіленген баға.

5. Құны шетел валютасымен көрсетілген резервтік активтер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп беру күнгі ресми бағамы бойынша б а ғ а л а н а д ы .

6. Сақтандыру ұйымдары резервтік активтерді инвестициялауды өтімділік, пайдалылық және түрін көбейту талаптарын сақтай отырып жасауға міндетті.

7. Өтімділік - сақтандыру ұйымының активтерді олардың құнын елеулі зиян келмейтіндей бағамен сату жолымен өз міндеттемелерін орындауды уақытында қамтамасыз етуге қабілеттілігі.

8. Пайдалылық - активтерді сатып алынған құнынан жоғары бағаға сату немесе алдын ала белгіленген сыйақы (мүдде) алу мүмкіндігі.

9. Түрін көбейту - активтерді инвестициялаудың түрлі объектілері бойынша т а р а т у .

10. Сақтандыру ұйымының резервтік активтері түрін көбейту талаптарын қамтамасыз ету мақсатында мынадай тәртіппен орналастырылады:

1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздардан басқа Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес эмитацияланғандарын) - сақтандыру резерві сомасының кемінде 40 проценті және 80 проценттен аспайтын мөлшерде;

2) жергілікті атқарушы органдар шығарған, "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелерінің айналысына жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат еткен мемлекеттік бағалы қағаздарға - сақтандыру резерві сомасының 10 процентінен аспайтын мөлшерде;

3) "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген қазақстандық акционерлік қоғамдардың акциялары (соның ішінде басқа мемлекеттердің заңдарына сәйкес шығарылған осындай акцияларға депозитарлық қолхаттар (ADR, GDR) - сақтандыру резервтері сомасының 15 процентінен аспайтын м ө л ш е р д е ;

4) "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының "А" санатындағы бағалы қағаздарының ресми тізіміне енгізілген қазақстандық ұйымдардың облигацияларына - сақтандыру резервтері сомасының 20 процентінен аспайтын м ө л ш е р д е ;

5) осындай бағалы қағаздар "Қазақстанның қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы сауда жүйелерінің айналысына жіберілген және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсаты болған жағдайда ипотекалық бағалы қағаздарға - сақтандыру резервтері сомасының 10 процентінен аспайтын м ө л ш е р д е ;

6) осы нұсқаулықтың 2-тармағының 2) тармақшасында келтірілген банктерге мерзімдік салымдар - сақтандыру резервтері сомасының 20

процентінен аспайтын мөлшерде;

7) талап ету салымдарына - сақтандыру резерві сомасының кемінде 5 проценті және 10 процентінен аспайтын мөлшерде;

8) кассадағы ақшаға - сақтандыру резерві сомасының 3 процентінен аспайтын мөлшерде .

11. Резервтік активтерді мерзімдік салымдар немесе талап ету салымы шартын жасау жолымен орналастырған жағдайда бір банкте сақтандыру резервтері сомасының 25 процентінен аспайтын мөлшері орналастырылуы мүмкін .

12. Сақтандыру ұйымдарына :

1) банктерді қоса алғанда резервтік активтерді аффилирленген тұлғалардың бағалы қағаздарына инвестициялауға;

2) резервтік активтерді аффилирленген банктердегі мерзімдік салымдарға және талап ету салымдарына орналастыруға тыйым салынады.

Төраға